| **Білім беру ұйымының кестесі** | **Дене шынықтыру**<br>**«Желаяқтар»**<br>**Міндеті:** Жүгіру | **Қазақ тілі**<br>**«Көңілді ойын»**<br>**Міндеті:** Сөйлеудің | **Дене шынықтыру**<br>**«Қадамды нық басамын»** | **Музыка**<br>(Өн жетекшісінің | **Дене шынықтыру**<br>(таза ауада)<br>"Секіртпеден секіру". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру Шеңбер бойымен тұрып:<br>1. Жалпы жетілдіруші жаттығулар.( бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған)<br>2. Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар:<br>**Жүгіру:** Қарқынды өзгертіп, жылдам(10-20 метрге дейін) жүгіру-қарқынды өзгертіп жүгіру.<br>Тепе-теңдікті сақтау, қағалау, бақылау.<br>Қимылды ойын: «Тым-тырақай»<br>Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру»<br>Қорытындылау | дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту жалғастыру.<br>Шаттық шеңбері<br>Қуан шаттан қуанатын күн бүгін,<br>Қайырлы таң, қайырлы күн<br>Күліп шықты күн бүгін.<br>Жұмбақ жасыру:<br>Киноменен концертті<br>Үйде қойып беремін<br>Жаналығын бар елдің<br>Өз көзіммен көремін<br>(теледидар)<br>Балаларға тұрмыстық заттардың суретін көрсете отырып, атауларын балалармен бірге қайталау.Оларды қай кезде қолданатынын балаларға өз бетінше айтуларын сұрау. | **Міндеті:**<br>Домалату, лақтыру,қағып алу.<br>Оң және сол қолмен (1,5-2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға(нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>Шеңберде<br>1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене,аяқ бөліктеріне арналған)<br>2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар<br>-<br>Домалату,лақтыру, қағып алу.<br>Қашықтықтан допты бір-біріне | жоспары бойынша) | Мақсат-міндеттер: балаларды қатарда бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, жүру және сапқа тұруға дағдыландыру; саптан қатарға ауысып, бір-бірден жүре отырып, педагогтің белгісі бойынша тапсырмаларды орындауға үйрету<br><br>**ІІ.Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**Негізгі бөлім:** Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен тебуге үйрету<br>Қимылды ойын: «Қуыспақ»<br>Барысы: балалар бір-бірлерін қуып, ұстап алулары.<br>Еркін ойындар ойнаулары. Саппен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Сергіту сәтін орындау. Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық?» Еркін ойындары | лақтыру. -заттардың арасымен, қақпаға домалтауға үйрету. Бақылау,қадағалау. Көмек беру. Қимылды ойын: «Менің зымыраған көңілді добым» Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» Қортындылау. | | тұрып, тыныс алу жаттығуларын орындап, үстерін қағып, велосипедтерін орнына апарып қоюлары. Топқа кіріп сырт киімдерін шешіп, жинаулары. Қорытындылау. |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Серуенге ойын құралдарын дайындау. | | | | |
| **Серуен** | **Қоршаған ортамен таныстыру** «Түйіндейтін ағаштарды бақылау» **Мақсат:** Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. | **Қоршаған ортамен таныстыру** **Бақылау:** «Құстарды бақылау» **Мақсат:** Құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: мекендейтін орнын анықтау. **Қимылды ойын: Тақырыбы:** | **Қоршаған ортамен таныстыру:** «Ауладағы сиреньдерді бақылау» **Мақсат :** Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: гүлдер (бөлме, бақша, шабындық) **Қимылды ойын: Тақырыбы:** «Қасқыр мен лақтар» **Мақсаты:** Қимылды | **№ 10 Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.** Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлденген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың | **№ 11 Жаңа өсіп келе жатқан шөптерді бақылау** Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту. Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын:** **Тақырыбы:**«Мысық пен тышқан» **Мақсаты:** Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. **Құралдар:** Мысық пен тышқан бетперделері **Шарты:** «Мысық» пен «Тышқанды» таңдап алады. Қалған балалар қол ұстасып шеңбер құрайды. Ойыншылар тышқан келгенде қолдарын көтереді де, тышқанды шеңбердің ішіне кіргізеді, мысық келгенде қолдарын түсіріп, оны шеңбердің ішіне кіргізбейді. Мысық | «Мысық пен құстар». **Мақсаты:** Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту. **Құралдар:** Мысық киімі, құстың қанаттары **Шарты:** Үлкен шеңбер сызылады немесе ұзын жіптің көмегімен шеңбер жасайды. Балалар шеңбердің сыртына тұрады. Бір бала мысықтың рөлін орындайды. Ол шеңбердің ішіне тұрады, қалған балалар – құстар. Мысық көзін жұмып, ұйықтайды. Ал, құстар шеңберге секіріп кіреді, ұшады, отырады, | ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу **Құралдар:** Қасқырдың киімі мен лақтардың атрибуттары **Шарты:** Алдымен қасқырдың рөлін орындайтын ойыншыны таңдап алады. Қалған балалар – лақтар. «Лақтар» алаңның бір жағында, ал «қасқыр» ортасында тұрады. Мынадай сөздерді қайталайды: «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп». Лақтар алаңның қарсы бетіне жүгіріп өтуге | пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Қимылды ойын **«Секіргіш бақалар»** Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру. (Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап, жерге айналдыра дөңгелетеді,ал шеңберде тұрған балалар секіру керек). Балалардың физиологиялық ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту. Еңбек іс әрекеті **Ағаш түбін әктеу.** Ағаштың түптерін әктеу. Щетканы оң қолмен ұстап, жоғарыдан | аялап,күте білуге үйрету **Қимылды ойын «Көк шөптегі хоккей»** Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту, қақпаға соғу, бір орында тұрып кіргізу. Ойында достық көмекке келуді үйрету. **Еңбек іс-әрекеті Ауладағы қураған шөпті жинау** Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру(шөпті белгілі бір орынға жинау,зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып,ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. Дидактикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тышқанды қуып жетіп, қолға түсіругетырысады. Тышқан қолға түскеннен кейін, олардың орнына басқа балалар сайланады.<br><br>**(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,дене шынықтыру)** | дәндерді шоқиды. Мысық оянып кетіп, оларды қуалайды. Құстар шеңбердің сыртына қарай қаша жөнеледі. Қолға түскен құстар шеңбердің ішіне тұрады. Біраздан соң басқа мысық сайлайды. Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>**Жеке жұмыс:** Балалармен алғашқы ұшып келетін құстар , қарлығаш, тырна, наурызек туралы әңгімелесу.<br>**Еңбек:**Құстарға жем шашу, әкелерімен бірігіп ұя жасауды ұсыну. | тырысады. «Қасқыр» алаңның ортасында жүгіріп жүреді және әрі-бері жүгіріп өткен лақтарды ұстап алуға тырысады. Ойын қайталанады. «Қасқырды» қайта сайлайды.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | төменге қимылдар жасау. Берілген тапсырманы мұқият тыңдап,істі аяғына дейін жеткізу. Дидактикалық ойындар.<br>**«Орманшы»** рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | ойындар. Тәжірибе мен сараптамалар Тапсырма. Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу.<br>Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.<br>Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. | | | | |
| **Түскі ас** | Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі. «Әлди –әлди ұйықтай ғой»**Сөйлеуді дамыту. Музыка** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **...ртіндеп ұйқыдан ояту** | Балалар тұрайық, Көзімізді ашайық<br>Қолымызды созып, Шынығып бір алайық. **Көркем әдебиет . Қазақ тілі** | | | | |
| **Бесін ас** | Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары)** | **«Түлкі»**<br>Мақсаты: Балаларға ермексазды пайдаланып отырып түлкіні мүсіндеп үйрету. Сопақша пішінге келтіріп, бұрыштарын қырлауды ермексаздан мүсіндеуге үйрету. **Құрастыру.Мүсіндеу** | **«Вагондарға дөңгелек таңдау»**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады. | **«Өз үйіңді тап» дидактикалық ойын**<br>Мақсаты: Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; **Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Кім солай сөйлейді?» доппен ойын**<br>Мақсаты:Жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету.**Сөйлеуді дамыту** | **«Дөңгелектер»**<br>Мақсаты: Ермексаздан машина жасап құрастыру.<br>**Құрастыру Мүсіндеу** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сабринаға қағаз бетін бағдарлай алуға үйрету **(Шығармашылық дағды, сурет салу, жапсыру)** | Дарияға өз отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары жайлы сұрақтарға жауап беруге үйрету **(Коммуникативтік дағды, сөйлеуді дамыту)** | Мұхаммедке дайын сұлбаға элементтерін салып аяқтауға үйрету **(Шығармашылық дағды, сурет салу, жапсыру)** | Ибрагимге түрлі-түсті карандаштармен,фломостердің көмегімен,гуашьтың төрт түсімен сурет сала білуге үйрету **(Шығармашылық дағды.Сурет салу)** | Қасымға алмастырушы заттармен әрекеттер жасай білуге үйрету **(Танымдық дағды, математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | Балалармен жеке әңгімелесу. | Балаларды табиғатпен таныстыру. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. |

| еруен | № 7 | № 8 | № 9 | № 10 | № 11 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру<br>Демалыс күнді жақсы өткізу. | | | | |

Бекітемін
БҰҰ

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**

**Топ:** «Қызғалдақ» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3-4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 20- 05 24- 05 2024жыл

**Тәрбиешілер:**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу**. Нейро – жаттығуы арқылы амандасу** | | | | |
| | **«Кім жылдам?»** Мақсаты:Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау **Құрастыру** | **«Масахана»** Мақсаты: өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. **Құрастыру** | **«Пирамида» Мақсаты:** Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалауға үйрету. **Құрастыру** | **«Суреттер әлемі» Мақсаты: Уақытты бағдарлау**. Жыл бойына алған білімдерін бекіту. **Математика негіздері** | **«Жайдарлы жаз» Мақсаты:** Өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру **Сурет салу** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналарға кеңес:**Ата аналармен әңгімелесу. **Сөйлеуді дамыту**<br>Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу.<br>**Ата-аналарға кеңес:**«Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» Ата- аналармен сұхбат. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа** | **Дидактикалық ойын: «Тең-тең емес» Мақсаты:** Жыл бойына алған білімдерін бекіту **Математика негіздері** | **«Алақай,жаз келді!» Мақсаты:**Жаз мезгілі бойынша қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету **Сурет салу** | **«Ақ қоян». Мақсаты:** Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу | **«Шеберлер» Мақсаты:**Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке | **«Ақ аю». Мақсаты:** Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу дағдыларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| рекеттер) | | | дағдыларын қалыптастыру **Мүсіндеу,жапсыру** | дайындау. **Құрастыру** | қалыптастыру **Мүсіндеу** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).** Тұру, жүру, жүгіру түрлері, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары. Мамыр айына арналған жаттығулар кешені. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау . Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Күшік пен мысық»** **Мақсаты:** Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу дағдыларын қалыптастыру **Мүсіндеу,жапсыру** | **«Шама»** **Мақсаты**. Жыл бойына алған білімдерін бекіту **Математика негіздері** | **«Ойыншықтар»** **Мақсаты:** түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету **Сурет салу** | **«Көліктер»** **Мақсаты:** түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету **Сурет салу** | **«Көп-аз»** **Мақсаты:** Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіруді үйрету. **Математика негіздері** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** **«Епті баламын»** Міндеті: Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. | **Қазақ тілі** **«Әңгіме дүкен»** Міндеті: **Байланыстырып сөйлеу.** Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың | **Дене шынықтыру** **«Жаттығу жеңіс кепілі»** Міндеті: **Домалату, лақтыру, қағып алу.** Қимылды ойындарды | **Музыка** Ән жетекшісінің жоспары бойынша. | **Дене шынықтыру** (таза ауада) «Желаяқтар» Міндеті: **Спорттық жаттығулар.** Үш дөңгелекті велосипедті оңға және солға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді, қолды жанға созып, өкшемен жүреді.Баяу жүгіру, жылдам жүгіру<br>Тікелей бақылау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>***Жалпы дамыту жаттығулар: (жалаушамен)***<br>**«Тербелу»** Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.<br>**а)** қолдарды жоғары көтеру.<br>**ә)** екі жанға тербелу, оңға тербелу.<br>**б)** солға тербелу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Түрлі - түсті автокөліктер» | мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.<br>Шаттық шеңбері «Сәлеметсің бе, алтын күн!»өлең шумақтарын айтулары. Жұмбақ жасыру: Киноменен концертті<br>Үйде қойып беремін<br>Жаңалығын бар елдің<br>Өз көзіммен көремін.(теледидар)<br>Балаларға тұрмыстық заттардың суретін көрсете отырып, атауларын балалармен бірге қайталау. Оларды қай кезде колданатынын балаларға өз бетінше айтуларын сұрау.<br>Сергіту сәтін | ойнату.Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу<br>Шеңберде:<br>1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,ден е,аяқ бөліктеріне арналған)<br>2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар<br>- Домалату, лақтыру, қағып алу. қашықтықтан допты бір- біріне лақтыру.<br>- заттардың арасымен, қақпаға домалатуға үйрету.<br>Бақылау, қадағалау.<br>Көмек беру.<br>Қимылды ойын: | | бұрылып тебу.<br>Сырт киімдерін киіп, таза ауаға шығулары.<br>Саппен жүру,жүгіру түрлерін қайталаулары.<br>**Жалпы дамыту жаттығуларын орындаулары.**<br>**Негізгі қимылдар:** Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен тебуге үйрету<br>Қимылды ойын: «Қуыспақ»<br>Барысы: балалар бір – бірлерін қуып, ұстап алулары.<br>Еркін ойындар ойнаулары. Саппен тұрып, тыныс алу жаттығуларын орындап, үстерін қағып, велосипедтерін орнына апарып қоюлары. Топқа кіріп, сырт киімдерін шешіп, жинаулары.<br>Қорытындылау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Қортынды**<br>Сұрақ-жауап<br>Балаларды мадақтау. | орындау.<br>Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық?»<br>Еркін ойындары | «Менің зымыраған көңілді добым»<br>Тыныс алу жаттығуы: «Шар ұру»Қорытындылау. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | | | | | |
| **Серуен** | ***№22. Жәндіктерді бақылау(қызылқоңыз, жазғытұргы қоңыз,солдатиктер, маса)***<br>Балалардың жәндіктердің тіршілік орны,қозғалу тәсілдері және сыртқы түрлерінің ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау; Сараптама жасауға үйрету.Себеп-салдарлы байланыстарын анықтау,қорытынды жасау,байқампаздықтарын, қызығушылықтарын дамыту. Тақырып бойынша сөздік | ***№ 23.Улы өсімдіктерді бақылау(жабайы итмұрын,меңдуана)***<br>Балаларға улы өсімдіктер туралы түсінік беру. Бұл өсімдіктер барлық жерде өсуі мүмкін:жол жиегінде.<br>Меңдуананың сабағы жуан,тарам-тарам,жабысқақ, талшықтары жағымсыз иісті, гүлдері сарғыш көгілдір жиектерімен;жаз бойы гүлдейді,күзге қарай жемістері піседі-қорабындағы | **№24.*Топырақты бақылау.***Алаңқайдың қай жерлері тез кебетіні жөнінде балаларға түсінік беру:құмды жер ме,әлде сазды жер ме. Сазды жерлерге су көп сіңеді,сондықтан көпке дейін кеппейді,ал құмды жер суды өткізеді,сондықтан тез кебеді.Қай жерде өскін тез өседі соны бақылату,соны көре білу.<br>Болжам<br>Сәуірдің суы | **№25.Аспанға бақылау жасау.**<br>Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету.<br>Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау.(Қыста аспан-сұр,ал қазір - көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.<br>Қимылды ойын<br>**«Қазым,қазым қаңқылда!»**<br>Ойын шартына сай түрлі қимылдар | **№26.Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау.**<br>**Мақсаты:** ауа райын бақылау. Ауа райына көңіл бөліп, байқау өткізулерін ұсыну.<br>1. Суық па, жылы ма?<br>2.Күн желді ме, жоқ па?<br>3.Балалар қалай киінген?<br>4.Ауа райының жайы қалай анықталады?<br>5. Күн шуақты ма, әлде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | корларын жинақтау.<br>*Қимылды ойын*<br>**«Көбелектер, бақалар,көкқұтан»**<br>*Еңбек іс-әрекеті*<br>**Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу.**<br>Тәрбиешінің тапсырмасын орындау дағдыларын пысықтау. Бастаған істерін аяқтау, жұмыс істеу ниеттерін тәрбиелеу.<br>*Дидактикалық ойын.*<br>**«Төртінші артық»**<br>*Өз бетімен іс-әрекет*<br>Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынасын,өз іс - әрекеттерін және қылықтарын көрсете білу, ;құрдастарының ұсыныстары мен келіспеушілігін сыпайы түрде көрсету | тұқымдары қара-сұр көкнәрға ұқсас.Бұл өсімдіктің ең улы бөлігі. Қимылды ойын **«Көтермек»(қазақ ұлттық ойыны)**<br>Балалардың күшін,шыдамдылығын дамыту.(ойыншылар шынтақтарын қоса бір-біріне сүйене бір-бірін көтеруге тырысады).Жарысқа қызуғышылықтарын қолдау**.**<br>Еңбек іс-әрекеті<br>**Арам шөптерді жұлу**<br>Арам шөптер туралы түсініктерін кеңейту, шөпті отау(екпе шөпке кедергі жасамау,жарықты және ылғалды алмау үшін).Бастаған істерін аяқтау дағдыларын тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын.<br>**«Кім зерделі?»** | болса, көк көп болар,<br>Жайылымда сәуірде су болса-мая-мая шөп болар.<br>Мақал-мәтел<br>Мал баққандықі,жер баптағандықі<br>Қимылды ойын<br>Балалар таңдауымен.<br>Қимыл әрекетін дамыту;бірлескен ойыннан қанағат алу.<br>Еңбек іс-әрекеті<br>Топырақты құнарландыру<br>Балаларды өсімдіктерді дұрыс және ұқыпты құнарландыруға үйрету;. Еңбек ету біліктіліктерін тәрбиелеу.<br>**(Сөйлеуді** | жасауға үйрету.<br>Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару.<br>Еңбек іс-әрекеті<br>**Тұқымды карашірікке отырғызу.**<br>Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу.<br>Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама<br>**«Көктемге арнап бояу табайық»**<br>Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын | бұлыңғыр ма?<br>Серуендеп келген балаларға бүгін өздері көріп, бақылаған ауа райының жайын күнтізбеге белгілеулері керектігін естеріне салу.<br>**Тапсырма:** бұлттың суретін салу.<br>**Қимылды ойын:** «Арқан тарту!»<br>**Мақсаты:** қимыл-қозғалыстарын қалыптастыру.<br>**Еңбек:** кішкентай балдырғандардың ойнайтын ауласын ағаш бұтақтарынан тазарту.<br>**(Сөйлеуді дамыту, қоршаған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біліктіліктерін арттыру. **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)** | **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру.)** | **дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру.)** | түсіндіру. **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру.)** | **ортамен таныстыру, дене шынықтыру.)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Тағамды асықпай жеу керек. Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. Ас мәзірімен таныстыру (Мәдени – гигиеналық дағдыларын дамыту) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі. **Көркем әдебиет, музыка** | «Әлди –әлди ұйықтай ғой» **Сөйлеуді дамыту** | «Бесік жырын» тыңдату **Музыка** | Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі. **Көркем әдебиет, музыка** | «Балапаным» музыка тыңдату. **Музыка** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балапандар тұрайық, Көзімізді ашайық.<br>Жан-жаққа біз қарайық, Бір күлімдеп алайық.<br>**Көркем әдебиет, қазақ тілі** | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау . Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Бағдаршам» Мақсаты:** түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету **Сурет салу** | **«Аспазшы құралдары». Мақсаты:** Жапсыруда табиғиматериалдард, қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану **Жапсыру** | **«Бауырсақ» ертегісін сахналау. Мақсаты**:шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу **Көркем әдебиет** | **«Ойыншықтар» Мақсаты:** Есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді үйрету. **Мүсіндеу** | **«Құрылысшы құралдары». Мақсаты:** Жапсыруда табиғиматериалдард, қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану **Жапсыру** |
| **Балалармен жеке** | Рамазанға қажетті | Қасымға | Дамирге ұстау және | Айшаға желім | Ибрагимді өзі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ...мыс | сөздер мен сөз тіркестерін қолдануды үйрету. **Сөйлеуді дамыту** | сызықтардың,штрихтардың, дақтардың кейбіреулерін қолдануды үйрету. **Мүсіндеу** | көру тәсілдері арқылы геомертриялық фигураларды зерттеуді үйрету.**Математика негіздері** | қалдықтарын сүрту үшін майлықтар пайдалануды үйрету.**Жапсыру** | құраған құрлысымен ойнауға үйрету.**Құрастыру** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау.<br>Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | | | | |
| **Серуен** | №22 | № 23 | № 24 | № 25 | № 26 |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.<br>Ата-анаға кеңес:Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | | | | |